АНОНС!

ҚОСЫМША ҮЙІРМЕЛЕР МЕН СЕКЦИЯЛАРҒА КЕЗЕК 12 САНАТҚА БӨЛІНЕДІ

2 - бетте

ТАЛАПКЕРЛЕР EGOV KZ ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ КОЛЛЕДЖГЕ ТҮСУГЕ ӨТІНІШ БЕРЕ АЛАДЫ

5 - бетте

www.aigak.kz

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙҒАҚ MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

Instagram YouTube facebook Telegram

№27 /sársenbi/ 02 şilde 2025 jyl

## ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ МЕН ҚОҒАМ СЕНІМІНІҢ НЕГІЗІ

**Шымкент қаласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі іс-қимылдар жалғасуда. Қоғам мен мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін бұл індетпен күрес – тек құқық қорғау органдарының ғана емес, барша азаматтардың ортақ міндеті. Осы мақсатта қалалық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің бастамасымен бірқатар ауқымды іс-шаралар өткізілді.**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында Шымкент қалалық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет пен Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығының қатысуымен кеңейтілген жиын өтті. Іс-шарада сот сараптамасы институттарындағы жемқорлық тәуекелдерін жою, құқық бұзушылықтың алдын алу және басшылардың жеке жауапкершілігі туралы кеңінен айтылды.

ҚПК-нің 200-бабы бойынша ұсыныстар талқыланып, құқықбұзушылыққа жол ашқан себептер мен жағдайлар талданды. Сонымен қатар, мекеменің қаржылық есептілігіне аудит жүргізу, төлем құжаттарын шектеу және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар берілді.

Экология саласындағы әділеттілік: Ашықтық пен жауапкершілік

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында Шымкент қаласының Экология департаментінде «Заң мен тәртіп» қағидаттарын нығайтуға арналған семинар өтті. Семинарда жемқорлыққа қарсы заңнама нормалары түсіндіріліп, экологиялық бақылау саласындағы қауіптерді азайту жолдары ұсынылды.

Мекеме қызметінде ішкі сараптама жүргізу үшін үкіметтік емес ұйымдар мен тәуелсіз сарапшыларды тарту қажеттілігі айтылды. Бұл қадам – экологиялық әділдікті қамтамасыз етудің және қоғам сенімін арттырудың тиімді жолы ретінде бағаланды.

Болашақ мамандармен жұмыс: Саналы ұрпақ — адал қоғам кепілі

24 маусымда өткен ашық есік күні аясында жоғары оқу орындары мен колледж студенттері Департамент қызметімен танысты. Студенттерге құқық қорғау саласындағы жұмыс талаптары, әдеп кодексі және антына адал болудың маңыздылығы туралы мәлімет берілді. Жастардың құқықтық санасын арттыру – болашақта жемқорлыққа қарсы берік иммунитет қалыптастырудың басты тетігі.

Сондай-ақ, барлық қатысушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен азаматтық белсенділік туралы ақпарат берілген брошюралар таратылып, 1424 байланыс орталығының жұмысы таныстырылды.

Жемқорлықпен күрес – бір жолғы акция емес, бұл – үздіксіз жүретін, көпжақты, қоғамды түгел қамтитын ұзақ мерзімді жұмыс. Шымкент қаласында атқарылып жатқан мұндай іс-шаралар – сыбайлас жемқорлыққа мүлде төзбеушілік мәдениетін қалыптастырудың жарқын көрінісі. Заң үстемдігі мен әділдік қағидаттарын ұстанатын қоғамда ғана өркендеу мен тұрақтылық орнайды.

Жалпы, Ұлттық академиялық кітапханада мәдени-этикалық құндылықтарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатпен біріктіруге арналған «Әділ қоғам» атты жаңа отандық жоба салтанатты жағдайда таныстырылды.




Ұйымдастырушылар – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен Мәдениет министрлігі. Іс-шараға Агенттік төрағасы Асхат Жұмағали, Мәдениет министрі Аида Балаева, еңбек сіңірген мәдениет қайраткерлері, қоғам қайраткерлері, депутаттар мен мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Аумақтарда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменттерінің басшылығы, облыс әкімдерінің орынбасарлары, мемлекеттік мәдениет ұйымдарының директорлары мен қоғам қайраткерлері жұмылдырылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің төрағасы Асхат Жұмағали алғы сөзінде Мемлекет басшысы жариялаған «Заң мен тәртіп» идеологиясымен үйлесетін бұл бастаманың маңыздылығына тоқталды.

«Әділ қоғам» жобасы барлық салада әлеуметтік-бағдарланған, рухани-адамгершілік және отансүйгіштікке бағытталған мәдени өнімнің тиімді тетігіне айналуы тиіс», - деп атап өтті А.Жұмағали.

Жоба ЮНЕСКО халықаралық ұйымының қолдауымен жүзеге асырылуда және кино, анимация, бейнелеу өнері, театр, музыка, әдебиет және шығармашылықтың басқа да түрлері арқылы тұрақты адалдық пен әділдік мәдениетін дамытуға бағытталған.

Жоба үйлестірушісі ретінде Шымкент қаласынан Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапхананың директоры, ақын Анар Жапарқұлова анықталды.

«Әділ қоғам» кеңсесінің жыл соңына дейін жұмыс жоспары бекітіліп, оны жүзеге асыруға қоғам қайраткерлері, мәдениет саласының майталмандары, ғалымдар, жазушылар, ақындар, теологтар, халық өнерпаздары жұмылдырылады.

**Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**

## ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ЕЛІМІЗГЕ ИМПОРТТЫ АЗАЙТЫП, ЭКСПОРТ КӨЛЕМІН АРТТЫРУ БАҒЫТЫНДА ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ



Түркістан облысында Үкіметтің инвестициялық жобалардың тізімін жасақтау жөніндегі тапсырмасы бойынша жұмыстар жүріп жатыр. Облыс әкімінің қадағалауымен елге кіріп жатқан импорт тауарларына талдау жүргізіліп, импортты азайтып, экспортты ұлғайту жұмыстары жандана түсті. Аталған мәселе Түркістан облысының әкімі Н.Көшеровтің төрағалығымен өткен аппараттың апталық мәжілісінде талқыланды. Өңір басшысы ауыл шаруашылығында терең өңдеуге басымдық беріп, отандық нарықты қамту керектігін айтты.

– Жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығында Түркістан облысының әлеуеті өте жоғары. Барлық саланы терең зерделеп, мүмкіндігімізге сай келетін бағыттар бойынша жобалар мен жоспарлар әзірлеңіздер. Дамытатын салаларды қаржыландыру бойынша нақты ұсыныстар қажет. Импортты азайтып, отандық нарықты қамтып қана қоймай, кейбір салалар бойынша экспортты ұлғайтуға да мүмкіндік бар. Жұмысты жандандыру керек, – деген Көшеров жауапты басқарма басшылары мен аудан, қала әкімдеріне тиісті тапсырмалар берді.

Түркістан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Нұржігіт Мырзахметовтың айтуынша, импортты алмастыратын 6 сала, 31 өнім бойынша талдау жүргізілген. Аталған салаларда импортты алмастыратын 65 инвестициялық жоба бар. Оның ішінде, 28 инвестициялық жоба 2025 жылы, 26 инвестициялық жоба 2026 жылы және 11 инвестициялық жоба 2027 жылы іске асады деп жоспарланған. Инвестициялық жобалардың жалпы құны – 707 млрд. теңге.

Жобалардың бірқатар ірілеріне тоқталсақ, Түркістан облысының өндіріс орындары алдағы уақытта алюминий профильдерімен елімізді толық қамтымақ. Сонымен бірге жиһазбен де отандық нарықты қамтып, экспортты ұлғайтуға мүмкіндік бар. «Жасыл Суық Қазақстан» компаниясы толық қуатына енгенде өнеркәсіптік тоңазытқыштар құрылғылары импорты көлемін 48 пайызға төмендетсе, алдағы уақытта іске қосылатын зауыт арқылы елімізді сыртқы бейнебақылау камераларымен толық қамту көзделіп отыр.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Файзулла Байдуллаевтың айтуынша, өңірдің импортқа тәуекелділігін төмендету бағытында агроөнеркәсіптік кешенінде инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша Ауыл шаруашылығы министрлігі тарапынан негізгі 10 бағыт айқындалған. Сүтті терең өңдеу, ет экспортын арттыру бойынша жаңа кәсіпорындар ашылып, жобалар жүзеге асырылуда. Сонымен бірге алдағы уақытта құс шаруашылығын дамыту, көкөніс сақтау қоймаларының сыйымдылығын арттыру, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу бағытындағы жұмыстар күшейтілмек.

**Бағлан БАЙКӨБЕКҚЫЗЫ.**

# ЖЕТІСУ ӨҢІРІНДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖҮК ЖӘНЕ ЖОЛАУШЫЛАР ӘУЕЖАЙЫ САЛЫНАДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов Skyhansa компаниясының тең құрылтайшысы және директорлар кеңесінің мүшесі, доктор Кристин Грётцбахпен кездесу өткізді. Онда Жетісу облысындағы «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастық орталығы маңында жүк және жолаушылар әуежайын салу жобасын жүзеге асыру мәселелері талқыланды, деп хабарлайды Primeminister.kz.



«Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА-дағы халықаралық жүк және жолаушылар әуежайының жобасы ICAO халықаралық ұсынымдарына сәйкес авиациялық инфрақұрылым салудың үш кезеңді бағдарламасын көздейді. Бірінші кезең шеңберінде 2027 жылға дейін:

өткізу мүмкіндігі сағатына 50 адамға дейін жолаушылар терминалын (2032 жылға қарай – сағатына 500 адамға дейін);

JET A-1 авиаотыны жаңа түрінің заманауи отын қоймасының көлемі жылына 200 мың тоннаға дейін (2032 жылға қарай – 550 мың тоннаға дейін);

автотұрағы және жылына 50 мың тонна теміржол тұйығы бар жүк терминалын (2032 жылға қарай – жылына 250 мың тоннаға дейін) салу жоспарлануда.

Екінші және үшінші кезеңдер шеңберінде 2032 жылға дейін туристік және ойын-сауық инфрақұрылымы да құрылады. Инвестициялардың жалпы көлемі шамамен 250 млрд теңгені құрайды.

Сондай-ақ жобада Air–Rail–Auto-Air жүк тасымалдарының мультимодалды сызбасын әзірлеу және Азия-Тынық мұхиты аймағы бағытындағы көлік және логистикалық маршруттардың түйіскен жерінде экономикалық өсудің жаңа мүмкіндіктерін ашу көзделген.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан экономикасы құрылымын әртараптандыру жөніндегі ауқымды жұмыс шеңберінде көлік-логистика саласын басым бағыттардың бірі ретінде атады. Жетісу облысында заманауи әуежай салу жобасын жүзеге асыру инфрақұрылымды дамытуға елеулі серпін береді және Қазақстанның Қытай, Орталық Азия және Еуропа арасындағы транзиттік хаб ретіндегі рөлін нығайтады», — деп атап өтті Премьер-министр Олжас Бектенов.

Өз кезегінде Skyhansa компаниясының тең құрылтайшысы, директорлар кеңесінің мүшесі, доктор Кристин Грётцбах жобаның авиациялық инфрақұрылымды дамытуға ғана емес, сонымен қатар өңірде заманауи логистикалық және іскерлік орталық қалыптастыруға бағытталғанын атап өтті.

«Біз жай ғана әуежай емес, халықаралық деңгейдегі дамыған инфрақұрылымы: жүк және жолаушылар терминалдары, жанармай құю кешені, әуе кемелеріне авиациялық-техникалық қызмет көрсету орталығы (MRO), бизнес орталығы, мультимодалды логистикалық мүмкіндіктерге арналған қонақ үйлері бар көпфункционалды өңірлік хаб құрып жатырмыз. Оның Қытаймен шекараға жақын орналасуы «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА шеңберінде халықаралық сауданы дамытуға қолайлы жағдай жасайды, ал оның теміржол және автожол желілеріне қосылуы жаңа Жібек жолындағы келешегі зор логистикалық тораптардың біріне айналдырады», — деп атап өтті доктор К.Грётцбах.

Кездесу соңында ҚР Көлік министрлігі мен Skyhansa арасында Инвестициялар туралы келісімге қол қойылды. Құжатқа сәйкес, инвестор қажетті авиациялық инфрақұрылым құрылысын, негізінен отандық материалдар мен қызметтерді пайдалануды, сондай-ақ жобаны жүзеге асыруға қызметкерлердің кемінде 90%-ы Қазақстан азаматтары болуын қамтамасыз етуге міндеттеледі.

Қазақстандық тарап инженерлік және көлік инфрақұрылымын тартып, сондай-ақ арнайы экономикалық аймаққа қатысушыларға мақсатты жеңілдіктер береді.

Анықтама: Қазақстан тарапынан – Қазақстан, Орталық Азия және Кавказ нарығындағы әуежайлар үшін кешенді қызметтер мен инжинирингтік шешімдер ұсынатын Skymax Technologies компаниялар тобы әрекет етеді.



# БАЛАЛАРДЫҢ ҮЙІРМЕЛЕРГЕ ТЕГІН ҚАТЫСУЫ ВАУЧЕРЛІК ЖҮЙЕ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАДЫ

Өскелең ұрпақтың білімін, дамуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету – отбасының, қоғам мен мемлекеттің басты міндеті. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес балаларға қосымша білім беру жүйесін жетілдіру бойынша бірқатар шара қабылдануда. 2021 жылдан бастап қосымша білім беру мемлекет тарапынан қаржыландырылып келеді. Осы бастама аясында бір жарым млн-нан астам оқушы шығармашылық үйірмелерге, спорт секцияларына және дамытуға бағытталған сабақтарға тегін қатысу мүмкіндігіне ие болды. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бірінші вице-министрі Майра Мелдебекова ОКҚ баспасөз конференциясында осылай деді.

Оның айтуынша, жобаға балалар белсенді түрде қатысып жатқанына қарамастан, жергілікті жерлерде жүйелі мәселелер туындап жатыр.

«Айта кететін болсақ, кезектіліктің ашық болмауы, өтінімдердің қайталануы, ұйымдардың тізімі шектеулі болуы, кейбір жерлерде көрсетілетін қызметтердің сапасына бақылаудың болмауы сияқты мәселелерді ата-аналар жиі айтады. Сонымен қатар тиімсіз шығындар, қамту көрсеткішінің төмендігі және мемлекеттік тапсырысты бөлу кезінде формальды қарау жағдайлары да анықталуда. Осы аталған мәселелерді жүйелі түрде ұымдастыру үшін қосымша білім беру саласын ваучерлік қаржыландыруды енгізу туралы шешім қабылданды», – деді спикер.

Бұл жүйеде әр балаға бір үйірме немесе секцияға тегін қатысуға мүмкіндік беретін электронды ваучер ұсынылады. 2025 жылдың маусым айынан бастап дайындық жұмыстары басталды, 4 министрлік Астана, Шымкент, Қарағанды, Атырау, Ақтөбе және Қызылорда қалаларында пилоттық жобаны бастады. Ваучерлік қаржыландырудың жаңа моделінде бірқатар негізгі шешімдер мен бағыттар енгізілуде.

# ҚОСЫМША ҮЙІРМЕЛЕР МЕН СЕКЦИЯЛАРҒА КЕЗЕК 12 САНАТҚА БӨЛІНЕДІ

Қазақстанда спорт, өнер және қосымша білім беруге ваучерлік қаржыландырудың жаңа моделін енгізу бойынша пилоттық жоба басталды. ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бірінші вице-министрі Майра Мелдебекова жаңашылдықтар туралы толығырақ айтып берді.

Біріншіден, қосымша білім беру саласында қызмет көрсететін барлық ұйымдар мемлекеттік тапсырыс алуға үміткер бола алады. Ол үшін цифрлық платформаға қосылып, барлық қажетті құжатты қоса өткізу керек. Мониторингтік комиссия ұйымды сол жерге барып тексереді және өз қорытындысын береді. Осылайша, ұйым үшін мемлекеттік тапсырыс алуға, ал балалар үшін – қызмет алуға қолжетімділік кеңейеді.

«Екіншіден, кезекті қалыптастыру тетігі толығымен қайта қаралды. Өздеріңіз білетіндей, бүгінде балалардың барлық санаты үшін кезек бір. Әр жолы жеңілдікті санаттағы балаларды кезекке қойған кезде кезек бұрын тұрғандарды артқа шегеретін. Бұл ата-аналар арасында кезекке сенімсіздік тудырады. Пилоттық жобада балалар әлеуметтік мәртебесі ескеріле отырып, 12 санатқа бөлінеді және әр санаттың өз кезегі болады. Бұл жағдайда бұрынғы кезек қайтарылмайды, тек алға жылжиды, ал ата-аналар оларды цифрлық платформа арқылы бақылауға мүмкіндік алады», – деп түсіндірді спикер.

Сонымен қатар қаржыландыру енді қызмет шын мәнісінде көрсетілгеннен кейін ғана жүзеге асырылады. Яғни, төлемнің түсу фактісі бойынша жүргізіледі. Сабаққа қатысу күн сайын цифрлық платформа арқылы тіркеледі, ал ата-ана төлемді белгілі бір үйірмеге жіберу арқылы қатысуды растайды. Жеткізушінің, ата-ананың және мемлекеттік оператордың қатысуымен мұндай жүйе тіркеулер мен жалған есептерді жояды.

Тағы бір мүмкіндік — ата-аналар құжаттарды қайта тапсырмай-ақ жеткізушіні өзгерте алады. Бұрын алынған ваучердің күші жойылмайды. Егер бұрын төлем мөлшері АЕК мөлшерлемесіне байланысты болса, енді жергілікті атқарушы органдар базалық нормативтің мөлшерін дербес бекітеді. Бұл жалдау ақысы, жалақы, коммуналдық қызметтер, инфрақұрылымның қол жетімділігі сынды нақты аймақтық айырмашылықтарды ескеру үшін жасалды.

«Бесіншіден, дербес деректерді орталықтандырылған қорғау қамтамасыз етіледі. Барлық дербес деректер Оқу-ағарту министрлігінің Ұлттық білім беру базасында орталықтандырылған түрде сақталады», – деп қорытындылады Майра Мелдебекова.

# ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВАНЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ АҚТӨБЕДЕ "ЖАС САҚШЫ" СЫНЫБЫ АШЫЛДЫ

Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына орай Ақтөбеде "Жас сақшы" сыныбы ашылды.

Ақтөбе қаласының К. Нокин ауылындағы №65 орта мектепте Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың есімі берілген "Жас сақшы" сыныбының салтанатты ашылуы өтті. Бұл жоба Ақтөбе облысы полиция департаментінің қолдауымен жүзеге асырылып, өскелең ұрпақтың азаматтық жауапкершілігін, құқықтық мәдениетін арттыруға және құқық қорғау органдарына деген қызығушылығын оятуға бағытталған.

Жаңа сыныпқа оқу үлгерімі, тәртібі және ынтасы жоғары 25 оқушы іріктеліп алынды.



Салтанатты іс-шарада арнайы полиция формасын киген оқушыларға куәліктер табысталып, салтанатты түрде ант қабылдады. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің формасын кию — бұл бағыттың маңыздылығы мен жауапкершілігін көрсетеді.

Ерлік тарихқа деген құрмет пен патриоттық тәрбиенің белгісі ретінде Абай Жусупов мектепке Әлия Молдағұлованың мүсінін тарту етті. Бұл сыйлық — Отанға адалдықтың, батырлық пен әділет жолындағы табандылықтың символына айналды. Мұндай қасиеттер болашақ құқық қорғаушыларға тән болуы тиіс.

— Заң мен тәртіп оқушыларға бүгін ғана емес, болашақ өмірлерінде де серік болуы қажет, — деді Абай Жусупов өз сөзінде.

Сондай-ақ полиция департаменті мен мектеп арасындағы ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы Меморандумға қол қойылды.

"Жас сақшы" жобасы мектеп пен полиция арасындағы өзара байланысты нығайтуға, оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастыруға және жас ұрпақтың белсенді азаматтық ұстанымын тәрбиелеуге бағытталған.

## "АНТ АЛДЫНДАҒЫ АСҚАҚ АРМАН: ОТАНҒА АДАЛДЫҚПЕН БАСТАЛҒАН ЖОЛ"

Шымкент гарнизонының 10216 әскери бөлімінде ерекше тебіреніс пен мақтанышқа толы күн өтті. Көктемгі шақырылыммен келген 35 жас сарбаз салтанатты түрде әскери ант қабылдап, қасиетті борыш жолындағы алғашқы әрі маңызды қадамдарын жасады. Бұл – жай ғана рәсім емес, бұл – жүрекпен сезініп, жанмен түсінетін ұлы серт. Себебі, әскери ант — ел алдындағы аманат, халыққа деген адалдықтың бұлжымас уәдесі.



Саптық алаңда Мемлекеттік Ту мен Жауынгерлік Тудың көлеңкесінде қолдарына қару ұстап тұрған жас жауынгерлер – Қазақстан Республикасының болашағын қорғауға бел буған ұландар. Олар енді – Ұлы Дала елінің тыныштығы мен тұтастығының тірегі. Әскери тәртіп, темірдей тәртіпке құрылған бір айлық бастапқы дайындық кезеңінен өтіп, бүгінгі күнге дейін талай сынақтан сүрінбей өткен бұл жастар – болашақ Отан қорғаушылардың лайықты буыны.

Салтанатты рәсімде әскери бөлімнің командирі, подполковник Дәулетбек Қоғабаев сарбаздарға жүрекжарды лебізін білдіріп, әскери анттың маңызын ерекше атап өтті. Ол бұл сәттің әр сарбаздың өмірінде ұмытылмас орын алатынын, өйткені дәл осы сәттен бастап олар – Отан үшін жан аямайтын нағыз жауынгерлерге айналатынын тілге тиек етті.

Қалалық қорғаныс істері жөніндегі департаменттің бастығы, полковник Әбдіғабит Шегебаев та сарбаздарды құттықтап, олардың бойындағы жалын мен жігерді отансүйгіштікке жұмсауға шақырды. «Сіздер — ата-бабалар салған сара жолдың жалғасысыздар. Сіздер — Тәуелсіздік туын берік ұстайтын болашақ қорғаушыларсыздар. Әскери қызмет — ерлік пен еңбекке толы қасиетті міндет. Оны абыроймен атқару — әр азаматтың парызы», – деді ол.

Рәсім барысында бөлім командирінің орынбасары, штаб бастығы әскери ант қабылдату туралы бұйрықты оқып, салтанатты сәтке ресми сипат берді. Жас сарбаздар рәсімді нақты әскери тәртіппен, үлгілі жинақылықпен орындап, өздерінің дайындық деңгейін, ішкі тәртіпті меңгергенін көрсетті. Салтанат соңында Жауынгерлік Туды ұстаушылар бастап, бүкіл жас сарбаздар саптық шерумен жүріп өтті. Бұл — ерлік пен тәртіптің үнсіз, бірақ өте әсерлі көрінісі еді.

Сарбаздардың бірі, қатардағы жауынгер Нұрасыл Айдар әскери өмірге енді ғана қадам басса да, нағыз патриотқа тән пікірін білдірді:

– Бұл күн мен үшін ұмытылмас тарихи сәт. Бір ай ішінде біз көп нәрсені үйрендік. Әскер — ер жігітті тәртіпке, жауапкершілікке, шынайы ерлікке баулитын орта. Елімді, жерімді қорғауға дайын екенімді осы антпен дәлелдедім. Жастарға айтарым – әскерден қорықпаңдар, бұл – жігітті шыңдайтын, елге деген сүйіспеншілікті арттыратын мектеп, – деді ол.

Әскери ант қабылдау – бұл жай салтанатты рәсім емес. Бұл – елге, жерге, ата-баба рухына адалдықтың нышаны. Бұл – Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі ұрпағының ел алдындағы серті. Патриотизм — ұранмен емес, іспен дәлелденеді. Ал сарбаздар жасаған бүгінгі қадам — соның жарқын көрінісі.

Бір айлық бастапқы дайындықты аяқтаған сарбаздарды енді — дала шығулары, атыс жаттығулары мен нақты әскери машықтар күтуде. Олар бұл жолда тек әскердің емес, азаматтық болмыстың да шын мәнін ұғынады. Себебі нағыз ерлік — бейбіт күннің тыныштығын күзетуден басталады.



## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – ӘДІЛЕТ ПЕН ДАМУДЫҢ КЕПІЛІ

Шымкент қаласында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің бастамасымен Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы және оның аумақтық бөлімшелері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кеңейтілген жиын өтті.

Іс-шараға екі мекеменің де бірінші басшылары қатысып, сот сараптамасы институттарының қызметіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстарының маңызды аспектілерін ортаға салды. Бұл жиынның басты мақсаты – құқықтық жүйенің әділдігін қамтамасыз етіп, мемлекеттік органдарда жемқорлық көріністеріне жол бермеу.

Кездесу барысында ұжым ішіндегі кез келген ықтимал жемқорлық көріністерінің алдын алу жолдары жан-жақты талқыланды. Шымкент қалалық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің басшысы Қанат Сүлейменов қатысушыларға сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктері туралы жан-жақты мәлімет беріп, әрбір басшының қарамағындағы қызметкерлердің әрекеті үшін жеке жауапкершілігі бар екенін ерекше атап өтті. Бұл – мемлекеттік қызметтегі тәртіп пен әділдікті нығайтудың маңызды шарты.

Сонымен қатар, жиында Қылмыстық-процестік кодекстің 200-бабына сәйкес ұсыныстар қаралып, құқық бұзушылықтарға әсер еткен жағдайлар сарапқа салынды. Бұл құқықтық талдау — сыбайлас жемқорлықтың себептері мен салдарын тереңінен түсінуге және оларды жүйелі түрде жоюға бағытталған нақты қадам.

Жемқорлықпен күресте жүйелі шаралар қабылдау – негізгі басымдық. Осы бағытта Сот сараптамалары орталығының қызметкерлері үшін арнайы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандартын әзірлеу, кәсіпорынның бухгалтерлік жүйелерін жаңарту, төлем құжаттарына қолжетімділікті шектеу және ішкі қаржылық аудит жүргізу сияқты бірқатар ұсыныстар енгізілді.

Жиын соңында қатысушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптық бейнероликтер көрсетіліп, кері байланыс арналары – оның ішінде 1424 байланыс орталығы туралы толық ақпарат берілді. Бұл орталық кез келген азаматтың анонимді түрде құқық бұзушылықтар туралы хабарлауына мүмкіндік береді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – тек бір мекеменің немесе қызметкердің міндеті емес, бұл – бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Мұндай ашық кездесулер мен жүйелі іс-шаралар құқықтық мәдениетті нығайтуға, әділеттілік қағидаттарын бекітуге және қоғам сенімін арттыруға бағытталған. Бұл бағыттағы жұмыстар әлі де жалғасын табады.

## ПОЛИЦЕЙЛЕР БАЛАЛАРМЕН БҰҚАРАЛЫҚ ЖҮГІРУ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ

Шымкент қаласында Халықаралық нашақорлыққа және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес күніне орай профилактикалық іс-шаралар өтті, — деп хабарлайды Polisia.kz.

Шымкент қалалық Полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері жазғы лагерьде демалып жатқан балалармен арнайы кездесу ұйымдастырды. Балаларға есірткі заттарының зияны мен олардан қалай сақтану керектігі туралы танымдық әрі қызықты форматта әңгіме жүргізілді.

Полиция қызметкерлері өз денсаулығына жауапкершілікпен қараудың, зиянды әдеттерден аулақ болудың және белсенді өмір салтын ұстанудың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ бейтаныс адамдар ұсынған белгісіз заттардан бас тарту және ондай жағдайда не істеу керектігі жайлы түсінікті тілде ақпарат берілді. Кездесу жылы әрі достық атмосферада өтіп, балалар қызығушылықпен тыңдап, көкейлеріндегі сұрақтарын қойды. Шара соңында тәртіп сақшылары балаларға қауіпсіз әрі көңілді жазғы демалыс тіледі.

Осы күні қаладағы дендросаябақта “Спорт – есірткіге қарсы” ұранымен кең ауқымды бұқаралық жүгіру шарасы ұйымдастырылды. Іс-шараға қала тұрғындары, спортшылар, полиция қызметкерлері, еріктілер мен белсенді жастар қатысты. Жүгірудің басты мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттап, есірткі қылмыстарының алдын алу.

Жүгіру қашықтығы 5 шақырымды қамтыды. Қатысушылар мәре сызығын бағындырып, өз мүмкіндіктерін сынады. Спорттық шара барысында қатысушыларға есірткінің зияны және оның қоғамға тигізетін қаупі жөнінде ақпарат берілді. Белсенділік танытқан азаматтар арнайы марапаттарға ие болды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай шаралар жастар арасында спортқа деген қызығушылықты арттырып, зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстауға ықпал етеді.

## ЕҢБЕКШІ АУДАНЫНДА СУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛДІ

Жаз мезгілінде шомылу маусымының қызуына байланысты су айдындарында қауіпсіздік мәселесі күн тәртібіндегі маңызды тақырыптардың біріне айналып отыр. Осыған орай, Шымкент қаласы Еңбекші ауданының Төтенше жағдайлар басқармасы аудандық полиция басқармасымен бірлесіп, Маятас су қоймасында «Шомылудағы қауіпсіздік» тақырыбында кең ауқымды түсіндіру іс-шарасын өткізді.

Бұл рейдтік іс-шараның негізгі мақсаты – тұрғындардың, әсіресе балалар мен жастардың суға шомылу кезіндегі қауіпсіздік деңгейін арттыру, жазатайым оқиғалардың алдын алу және су қоймаларындағы тәртіп ережелерін сақтау бойынша халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Шара барысында демалып жатқан азаматтарға судағы қауіпсіздік ережелері жазылған жадынамалар таратылып, мамандар тарапынан нақты кеңестер мен нұсқаулықтар берілді. Атап айтқанда:

- рұқсат етілмеген, шомылуға бейімделмеген су айдындарында суға түспеу;
- балаларды үлкендердің қарауынсыз суға жібермеу;
- жүзу құралдарын дұрыс пайдалану;
- мас күйінде суға түсуге жол бермеу;
- қатты ағысты жерлерде және белгіленбеген аумақтарда шомылмау сынды ескертулер айтылды.

Сондай-ақ құтқарушылар судағы төтенше жағдай кезінде не істеу керектігі жайлы практикалық нұсқаулықтармен бөлісті. Жағдайға қарай алғашқы көмек көрсету жолдары да түсіндірілді.

– Қауіпсіздік – әр азаматтың жеке жауапкершілігі. Қайғылы жағдайлардың көбі ережелерді елемеуден туындайды. Сондықтан әркім суға түсу алдында қауіпсіздік талаптарын ескеруге міндетті, – деді іс-шара барысында Еңбекші аудандық Төтенше жағдайлар басқармасының мамандары.

Айта кетейік, мұндай түсіндіру шаралары алдағы уақытта да қала аумағындағы барлық су айдындарында жүйелі түрде жалғасын табатын болады. Құтқарушылар мен полиция қызметкерлері халықты сақтық шараларына бейжай қарамауға шақырып, судағы демалысты тек арнайы белгіленген орындарда өткізуге кеңес береді.

## "ТАЗА ӨМІР – СЕНІҢ ТАҢДАУЫҢ"



Шымкентте Халықаралық нашақорлыққа және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес күніне орай жастарға арналған концерт ұйымдастырылды, — деп хабарлайды Polisia.kz.

Іс-шара “Shymkent City Park” саябағында “Таза өмір – сенің таңдауың” атты ұранмен өтті. Концерт “Есірткісіз Қазақстан” акциясы аясында, сондай-ақ қоғамда “Заң мен Тәртіп” идеологиясын насихаттау мақсатында ұйымдастырылды.

Шараға құқық қорғау органдарының өкілдері, жергілікті билік, жастар ұйымдары, еріктілер мен мәдениет саласының қызметкерлері қатысты. Сахнада арнайы ақпараттық стендтер мен есірткіге қарсы бағыттағы баннерлер орнатылып, келушілерге профилактикалық жадынамалар таратылды.

Концерт барысында есірткі құралдарының зияны, олардың салдары, сонымен қатар нашақорлық үшін көзделген заңдық жауапкершілік туралы кеңінен ақпарат берілді. Сонымен қатар, қоғамдық тәртіпті сақтау, есірткіге қарсы күрес және салауатты өмір салтын насихаттау бағытында белсенділік танытқан бірқатар азаматтар арнайы марапаттарға ие болды.

— Есірткіге қарсы күрес – полицейлер үшін тек қызметтік міндет қана емес, ол – халықтың өмірі мен денсаулығын қорғауға арналған күнделікті жұмыс. Нашақорлықтың алдын алуда әр азаматтың белсенділігі маңызды. Бұл айлық аясындағы бірлескен іс-әрекетіміздің оң нәтиже беретініне сенемін. Баршаңызға алғысымды білдіремін, — деді іс-шара барысында ұйымдастырушылардың бірі.

# ТУРА ЖОЛДАН ТАЙМАЙТЫН ӘУЛЕТ



«Әкеден ұл тумай ма, әке жолын қумай ма» дегендей, әкесі де ұл-қыздары да бір салада еңбек еткен династиялық әулеттер арамызда баршылық. Соның бірі – Жақсылықовтар отбасы.

Сәбит Жақсылықов – сот саласында 20 жыл тер төккен еңбек ардагері. Қазір баласы Сырым Жақсылықов – әкесінің ізін жалғаушы. Ол да сот саласында қызмет істейді. Шымкент қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотының судьясы. Ұлымен бірге қызы Ақерке Сәбитова да әке жолын қуған жан. Бүгінде ол Алматы қаласы Алатау аудандық сотында судья болып жұмыс істейді.

Еңбек ардагері С.Жақсылықовты сот саласында еңбек етіп жүрген барша кісі өте жақсы таниды әрі құрметпен қарайды. Өйткені ол өзінің судьялық қызметін адал әрі мінсіз атқарған тұлға болды. Осы еңбегі үшін ағамыз Жоғарғы соттың «Үш би» медалімен марапатталған. Бұл төсбелгі соттағы ең таңдаулы, нағыз кәсіби мамандарға ғана беріледі. Сәбит ағамыз 10 жыл Түркістан облысына қарасты Төлеби ауданында судья болған. Төлеби ауданының Құрметті азаматы. Одан бөлек, 10 жыл бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облыстық апелляциялық алқасының судьясы қызметін атқарды. Бүгінде зейнет демалысына шықса да қоғамдық жұмыстан қол үзген жоқ. Бұрынғы әріптестерімен жиі жүздесіп, жас мамандарға тәлім-тәрбие беруден жалыққан емес.

«Бала кезімде әкем секілді төрелік айтатын судья болуды армандаушы едім. Бірақ бұл жұмыстың қаншалықты қиын екенін де білетінмін. Осылайша, әке жолын жалғастыру мақсатымен құқық саласының маманы деген қолыма диплом алдым. Алғашқы еңбек жолым прокуратура саласынан басталды. Шымкент қаласы, Түркістан облысы Сарыағаш ауданы бойынша прокуратура қызметінде 7 жылдай еңбек еттім. Кейін сот саласына ауысып, 5 жыл Алматы қаласында судья болып істедім. Қазіргі таңда Шымкенттің қылмыстық істерді қарайтын ауданаралық сотының судьясымын. Соттағы бірінші қойылатын талап – ол кәсібилік. Судья еліміздің барлық заңын жатқа білуге тиіс. Әсіресе қызмет саласына қатысты заң, нормалардан мүдірмеу керек. Судьяның мойнына одан үлкен жауапкершілік жүктейтін – бір іске қатысты үкім шығару. «Тура биде туған жоқ» дегендей, үкім әділ болу қажет. Өйткені сотталушының тағдыры – судьяның қолында. Сол үшін әділдік оның басты қағидасы болып саналады», деді Сырым Жақсылықов.



Сот саласының маманы судьялық қызмет оңай еместігін айтады. Себебі жыл сайын заңдар өзгереді, оның ішінде Қылмыстық кодекстің баптарына әртүрлі өзгерістер мен түзетулер енгізіледі. Соның бәрін судья қадағалап, біліп жүруге тиіс. Яғни іздену, білім алу – үлкен бір парыз. Сонымен қатар әр жылда сотта әртүрлі реформа жүргізіледі. Оның талаптары мен қағидаларын білу, жаңашылдықтың мақсаты мен мазмұнын түсініп, реформаға тез бейімделу де – судья үшін басты міндет.

Осы орайда С.Жақсылықовтың айтуынша, сот саласы жүйесінде үлкен өзгеріс жүріп жатыр. Соның бірі биыл бірінші шілдеден бастап Қазақстанда дербес кассациялық алқа құрылады. Бұрын ол Жоғарғы сотқа қарайтын. Енді өз алдына дербес сот жүйесіне айналады. Оның бір тиімділігі елімізде тұратын кез келген азамат қалалық, облыстық соттардың шешім, үкімдеріне қанағаттанбаса, кассациялық алқаға шағым түсіре алады. Жаңа сот жүйесінің бас кеңсесі Астана қаласында.

«Қылмыстық істерді қараудың өз қиындығы болады. Бұл жерде барлық айғақты зерттеп, зерделеп, дұрыс шешім қабылдау маңызды. Ол үшін судьяның кәсіби біліктілігі жоғары болуға тиіс. Сотта қылмысқа қатысты әртүрлі іс қараймыз. Әсіресе кейінгі жылдары ойынқұмарлыққа байланысты қылмыс етек алып барады. Жуырда осы қылмыс бойынша тергелген бір азаматты бас бостандығынан айырдық. Ол сотталушы – А.А есімді Ресей азаматы. Көрші елдің Челябі облысынан келіп Шымкентте заңсыз ойын бизнесін ұйымдастырған. Бұл азамат 2023–2024 жылдары мегаполистің 10 нүктесінен ойын автоматтарын ашқан. Сөйтіп, тыйым салынған ойын бизнесін жүргізген. Осы әрекеті үшін ол Қылмыстық кодекстің 307, 245-баптары бойынша Қайыпты деп танылып, 6 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Сондықтан судьяларға жүктелер жауапкершілік үлкен. Былайғы кезде де сот саласының мамандары азаматтарға үлгі көрсетіп жүруі керек. Өйткені олар қазылық ететін биліктің белді өкілі болғандықтан жұрт бірінші кезекте солардың жүріс-тұрысын назарға алады. Адамдар әділдік іздеп үміті суалған кезде шындық іздеп сотқа барады. Халықтың сот билігіне деген сеніміне ешқашан селкеу түсіруге болмайды. Әділ болу – әрбір судьяның басты парызы», деді С.Жақсылықов.

Судья өз сөзінде азаматтарды еліміздің заңын сыйлауға шақырды. Қазақстан зайырлы, құқықтық мемлекет болғандықтан заңды бұлжытпай орындау, оны сақтау әр адамның мойнындағы міндеті екенін айтты. Маманның пікірінше, тәртіп бар жерде тыныштық болады. Әрбір саналы азаматтың арманы – қауіпсіз қоғамда өмір сүру. Ал оны орнату – өзіміздің қолымызда. Ол үшін адамдардың құқықтың ой-санасы, мәдениеті жоғары болуға тиіс. Сонда ғана Қазақстанды демократия салтанат құрған еркіндікпен бірге заң мен тәртіп үстем болған нағыз құқықтық мемлекетке айналдыра аламыз.

***Әнуар ЖҰМАШБАЕВ,***

*«Егемен Қазақстан» газеті, 24.06.2025 ж.*

## ЭНЕРГЕТИКА ВИЦЕ-МИНИСТРІ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ



Түркістан облысына ҚР Энергетика вице-министрі Құдайберген Арымбек жұмыс сапарымен келіп, тауарлық газ бағасын қалыптастыру сұрағына байланысты өңір жұртшылығымен кездесу өткізді.

Кездесуде ҚР Энергетика вице-министрі Құдайберген Арымбек тауарлық газ бағасының қалай қалыптасатыны жайында халықты құлақдар етті.

— Құрметті жиынға қатысушылар! Жұртшылыққа, бизнес өкілдеріне, мәслихат депутаттарына және басқа да мүдделі органдарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында Энергетика министрлігі, Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті, «QazaqGaz» ҰК» АҚ басшылығы және басқа да мүдделі органдардың қатысумен жұмысшы топ құрылып, бүгін Түркістан өңіріне келіп отырмыз. Газ бағасының өзгеріп тұруына бірнеше маңызды факторлар себеп болады. Біріншіден, елімізде газдандыру қарқынды жүруде. Қазіргі таңда Қазақстан халқының 62%-ы көк отынмен қамтамасыз етілген. Дегенмен, тауарлық газды тұтыну - оны өндіру көлемінен едәуір асып кетіп отыр. Бұл «ҚазақГаз» ұлттық компаниясын газды өзіндік құнынан төмен бағамен сатуға мәжбүр етеді.

Ұлттық компания қолданыстағы қазіргі бағалармен газды сатып алу, тасымалдау және республика аумағында тарату шығындарын толығымен жаба алмай отыр. Газ бағасының тиімді болуын қалыптастыру - газ инфрақұрылымын дамыту мен модернизациялауға қаражат бөлуге мүмкіндік беріп, жеткізілімнің тұрақтылығын арттыруға және өңірлердің газдандыру процесін жеделдетуге жәрдемдеседі. Сондай-ақ геологиялық барлау және көмірсутектерді қайта өңдеу сияқты салаларға инвестициялар тартуға мүмкіндік тудырады, бұл - саланың ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етеді, — деді вице-министр.

Жергілікті тұрғындар вице-министрге сұрақтарын қойып, жауаптарын ала алды.

## АРЫСТА КӨГАЛДАНДЫРУ ЖӘНЕ ЗИЯНКЕСТЕРМЕН КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Түркістан облысы, Арыс қаласында облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес көгалдандыру, тұқымбақтарды дамыту, зиянды жәндіктермен күрес және сасық кеурек өсімдігін қазуға тыйым салу бағытында семинар-кеңес өтті.

Жиынға Түркістан облысы әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков, облыстық Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Қайрат Абдуалиев, аудан және қала әкімдерінің орынбасарлары, табиғат қорғау полициясы, ауыл шаруашылығы мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімдерінің басшылары, көгалдандыру мекемелерінің өкілдері, аумақтық инспекция басшылары мен орман шаруашылығы қызметкерлері, сондай-ақ мамандандырылған «Қорған» жедел қызметінің инспекторлары қатысты.

Семинар барысында өңірдегі көгалдандыру жұмыстарының қазіргі жағдайы, елді мекендерде ағаш өсірудің өзекті мәселелері мен оларды шешу жолдары қарастырылды. Сонымен қатар, табиғатқа зиян келтіретін сасық кеурек және мия өсімдіктерін заңсыз қазу әрекеттеріне тосқауыл қою мәселесі көтерілді.

Мамандар тарапынан ағаш көшеттерінің жерсіну деңгейін арттыру, аса қауіпті зиянкестер мен жергілікті шегірткелерге қарсы биылғы химиялық өңдеудің қорытындылары, сондай-ақ 2026 жылға жоспарланған зарарлы аумақтар бойынша болжамдық мәліметтер ұсынылды. Қатысушылар өзара тәжірибе алмасып, ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков өз сөзінде аталған мәселелерді заң аясында жан-жақты талдап, нақты ұсыныстар әзірлеуді жауапты басқармаларға тапсырды.

# ЖЕКЕ КУӘЛІКТІ EGOV.KZ ПОРТАЛЫ МЕН EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ АУЫСТЫРУҒА БОЛАДЫ



*«ҰАТ» АҚ-ның баспасөз қызметі жаңа жеке куәлікті енді толықтай онлайн рәсімдеуге болатынын хабарлайды. eGov.kz порталында және eGov Mobile мобильді қосымшасында құжатты қашықтан қайта рәсімдеуге мүмкіндік беретін пилоттық жоба іске қосылды.*

Бастама Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бірлесіп жүзеге асырды.

**Қызметті eGov.kz порталында қалай алуға болады?**

Қызметке тапсырыс беру үшін eGov.kz электрондық үкімет порталында авторизациядан өтіп, қажетті қызметті таңдап, биометриялық сәйкестендіруден өту, мәліметтерді толтыру, қол қою әдісінің бірі арқылы өтінімді растау және мемлекеттік баж салығын банк қосымшасы арқылы төлеу қажет.

**Қызметті eGov Mobile мобильді қосымшасында қалай алуға болады?**

Мобильді қосымша арқылы өтінім беру үшін қосымшада авторизациядан өту, тиісті қызметті таңдап, биометриялық сәйкестендіруден өту, қажетті деректерді толтыру, құжатты алу орнын көрсету, мемлекеттік баж салығын төлеу және өтінімді Face/Touch ID арқылы растау қажет.

**«Жеке куәлік пен паспортты беру» қызметін кімдер пайдалана алады?**

Бұл қызметті тек жеке куәлік иесі ғана ала алады. Басқа адамның атынан, тіпті сенімхат немесе қамқоршылық негізінде де өтінім беру мүмкін емес.

**Жеке куәлікті онлайн ауыстыру қандай жағдайларда мүмкін?**

Жеке куәлікті онлайн түрде тек оның қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда ғана ауыстыруға болады – құжат мерзімі аяқталғанға дейін 30 күн бұрын немесе мерзімі өткеннен кейін 10 күн ішінде.

Дайын құжатты қайдан және қашан алуға болады?

Жаңа жеке куәлікті өтініш беруші алдын ала көрсеткен тіркеу пунктінен алуға болады. Құжатты дайындаудың стандартты мерзімі – 15 жұмыс күні.

**«Жеке куәлік пен паспортты беру» қызметі үшін мемлекеттік баж салығы қанша?**

Қызметтің стандартты түрі үшін мемлекеттік баж – 0,2 АЕК. Құжатты жедел рәсімдеу қажет болған жағдайда, үдетілген қызмет түрлері қолжетімді: 3 жұмыс күнінде – 1 771 теңге, 1 жұмыс күнінде – 3 372 теңге.

**Онлайн өтінім беру кезінде қандай ақпараттық қауіпсіздік шаралары қарастырылған?**

Өтінімді беру рәсімі заманауи деректерді қорғау әдістері мен қосымша сәйкестендіру факторлары қарастырылған қорғалған Digital ID жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Алдымен жүйе өтінім берушінің ЖСН мен телефон нөмірін мобильді азаматтар базасы арқылы тексереді. Содан кейін тіркелген телефон нөміріне бір реттік құпия код (OTP) жіберіледі. Бұдан әрі пайдаланушы қосымша қорғау шарасы ретінде биометриялық сәйкестендіруден өтуі қажет. Мұндай тәсіл жоғары деңгейдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етеді және үшінші тұлғалардың қызметке қол жеткізу мүмкіндігін толығымен болдырмайды.

**Биометриялық деректер қаншалықты сенімді қорғалған?**

Барлық биометриялық деректер «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның қорғалған контурында шифрланған түрде сақталады. Digital ID ақпараттық жүйесі ҚР ЦДИАӨМ Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің талаптарына сәйкестігі жөніндегі актіге ие.

**Егер қолданушы биометриялық сәйкестендіруден өте алмаса не істеу керек?**

Кейбір жағдайларда пайдаланушылар биометриялық сәйкестендіруден өте алмауы мүмкін. Бұл бет-әлпетінің ерекшеліктеріне, операциядан кейінгі өзгерістерге, тыртықтардың болуына, жас ерекшеліктеріне немесе мимикаға байланысты болуы ықтимал.

Мұндай жағдайлар қызмет көрсетуден бас тарту болып саналмайды – бұл қауіпсіздік шарасы ретінде қарастырылған. Онлайн сәйкестендіруден өту мүмкін болмаған жағдайда, жүйе автоматты түрде балама нұсқа – ХҚКО арқылы рәсімдеуді ұсынады. Бұл ретте өтініш беруші өзіне ыңғайлы кез келген ХҚКО-ға жүгіне алады.

Қызмет туралы толық ақпаратпен eGov.kz порталындағы қызмет төлқұжатынан танысуға болады.

Жаңашылдық ҚР Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның бірлескен жұмысының нәтижесінде іске асырылды.




# ТАЛАПКЕРЛЕР EGOV.KZ ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ КОЛЛЕДЖГЕ ТҮСУГЕ ӨТІНІШ БЕРЕ АЛАДЫ

eGov.kz порталында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау науқаны басталды. Биыл бұл қызмет айтарлықтай жаңартылып, талапкерлер үшін әлдеқайда ыңғайлы болды. Өтініш беру жүйесіне жаңа функциялар мен сүзгілер қосылып, оқу орнын жылдам таңдауға, қателіктерді болдырмауға және уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді.

Енді өтініш беру кезінде талапкер жатақхана немесе тегін тамақтану қажеттілігін бірден көрсете алады. Әскери қызметті шақыру бойынша толық өтеген азаматтар санатына жататындар растайтын құжатты тіркей алады.

Маңызды жаңашылдықтардың бірі – оқу орнын таңдау кезінде сүзгілеу механизмінің енгізілуі. Жүйе талапкер таңдаған параметрлерге сәйкес колледждердің тізімін автоматты түрде қалыптастырады: оқу аймағы, оқыту тілі, бағыт және мамандық бойынша. Оқыту тілі көрсетілгеннен кейін жүйеде тек сол тілде оқыту қарастырылған оқу орындары ғана көрсетіледі. Сондай-ақ, «Серпін» бағдарламасына қатысатын өңірлердегі ауыл мектептерінің түлектері үшін жеке сүзгі іске асырылған.

Әр талапкер өтінішті бір рет қана бере алады, бұл ретте төрт түрлі колледжге дейін, төрт мамандық таңдау мүмкіндігі бар. Құжаттардың жалпы көлемі 5 мегабайттан аспауы тиіс.

Өтініш беру үшін талапкерге:

eGov.kz порталында авторизациядан өту қажет;

«Білім» бөлімінен «Колледждер» санатын таңдау керек;

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» қызметін таңдау қажет;

барлық қажетті жолдарды толтырып, құжаттарды жүктеу керек;

қызметті қолжетімді әдістердің бірімен растау қажет;

қызмет нәтижесі пайдаланушының Жеке кабинетінде «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде қолжетімді болады.

